КОПИЯ/КӨШІРМЕ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН**
**Ш Е Ш І М**

2024 жылғы 07 наурыз №7119-24-00-2/2148 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ғ.Жақсыбаев,

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

**ТАЛАПКЕР**:
«Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР**:
«ICleaning» атты жеке кәсіпкер Нұрсұлтан Нұрланұлы Бейсен

**ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:**
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

**<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:**

2023 жылғы 31 желтоқсанда «Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – МКК) мен «ICleaning» атты жеке кәсіпкер Нұрсұлтан Нұрланұлы Бейсен (бұдан әрі – ЖК) арасында 2024 жылғы 31 желтоқсанына дейін қолданылу мерзімі бар №6/69 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

Шарттың талаптарына сәйкес өнім беруші ретінде 2024 жылдың 16 қаңтарына дейін талап қоюшыға жалпы сомасы 260 000 теңге құрайтын тауар – ұзындығы 80 метр құрайтын тығыздауышты жеткізуге, ал МКК тапсырыс беруші ретінде тауарды қабылдап алуға және ол үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Бұл ретте өнім беруші белгіленген мерзімі аяқталған күніне дейін техникалық сипаттамаға сәйкес тауарды жеткізбеген.

Осыған байланысты, талапкер соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Г., 07.03.2024
Заңды күшіне енген күні: 16.04.2024, судья Жақсыбаев А. Г., 16.04.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

2023 жылғы 31 желтоқсанда тараптар арасында шарт жасалған.

Шарттардың 2 қосымшасына, яғни техникалық ерекшелікке сай жұмыстарды орындау мерзімі 2024 жылдың 16 қаңтар.

Талап арызда өнім берушінің шарттың талаптарын орындамағаны туралы көрсетілген, АПК-нің 267-3 бабының 6-тармағына сәйкес өткізілген жеке процессуалдық әрекеттерде жауапкер өз пайдасына тиісті дәлелдемелерді ұсынбаған.

Осыған орай, қазіргі уақытта талап қоюшымен шарт бұзылған.

Аталған құқықтық жағдайды шешу барысында сот бірінші кезекте шарттың елеулі ережелерін реттейтін Заңның нормаларын басшылыққа алады.

Сот іске тіркелген құжаттардан жауапкер шарттың талаптарын бұзған.

Сонымен қатар, тапсырыс беруші Заңда көрсетілген мерзімдерде сотқа әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюға міндетті.

Аталған істі қарау барысында өнім берушінің шарты орындамағанын ескере отырып, сот оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Сот шығындары АПК-нің 117-бабында көрсетілгендей талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне сай өндірілуге жатады.

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «ICleaning» атты жеке кәсіпкер Нұрсұлтан Нұрланұлы Бейсенге мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ICleaning» атты жеке кәсіпкер Нұрсұлтан Нұрланұлы Бейсен мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Г., 07.03.2024

Заңды күшіне енген күні: 16.04.2024, судья Жақсыбаев А. Г., 16.04.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер «ICleaning» атты жеке кәсіпкер Нұрсұлтан Нұрланұлы Бейсеннен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья А.Ғ.Жақсыбаев

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Ғ., 07.03.2024

Заңды күшіне енген күні: 16.04.2024, судья Жақсыбаев А. Ғ., 16.04.2024

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ «ТӨРЕ» Сот өндірісі ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» Судопроизводство

7119-24-3-1/1731